

Дариха Үмбетайқызы

Орыс тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесі бойынша ғылыми зерттеулер жүргізген педагогтардың бірі – доцент, педагогика ғылымдарының кандидаты Дариха Сәрсенова.

Дариха Үмбетайқызы Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде 30 жылдан бері қызмет атқарып келеді.

Педагог – 70-тен астам ғылыми мақала, 5 оқу құралының авторы. Ол ең алғашқылардың бірі болып қазақ аудиториясына арналған электронды орыс тілі оқулығын жасап шығарды.

Ұстаз облыстық білім басқармасы ұйымдастырған республикалық олимпиада, ғылыми жоба сайыстарында өз саласы бойынша төрағалық етіп, жас таланттардың шыңдалуына үлес қосып келеді. Сондай-ақ, ұстаздарға әдістемелік көмек көрсетіп, оқушылардың ғылыми зерттеу жұмыстарына бағыт беруде.

Дариха Үмбетайқызы облыстағы заң мекемелерімен, атап айтқанда облыстық сот, прокуратура, кірістер департаменті, ішкі істер департаменттерімен тығыз байланыста жұмыс жасап, аударма жұмыстарының өз деңгейінде жүргізілуіне атсалысты.

Педагог осы уақытқа дейін жүздеген шәкірт тәрбиелеп, білім саласының дамуына еңбек сіңірді. Бүгінде Дариха Үмбетайқызынан дәріс алған түлектер еліміздің түкпір-түкпірінде елеулі қызмет етуде.